



18-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 2-БӨЛІМ

Жалған мәлімдемелер





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Жалған мәлімдемелер

Дәріс авторы: Күлтай Адилова

Бұл дәрісте шатастыру фактісін растау үшін қажетті негіздер, жалған мәлімдемелердің түрлері, Құқықтарды жоққа шығару ұғымы, тауар таңбасына құқықтарды жою және Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде осы тұжырымдаманы өзгерту кезеңдері, сұр/параллельді импорт мәселелері, залал, жосықсыз бәсекелестіктен қорғау туралы негізгі ережелер және т.б. сұрақтар қарастырылады.

Гудвилден кейін шатастыру фактісін растау үшін қажетті екінші мәселе «жалған мәлімдеме» болып табылады. Жалған мәлімдемелердің болуының қажеттілігі (бұл факт шатастыруды жосықсыз бәсекелестіктен ажыратады) шатастыру алдауды реттейтін жалпы құқық нормаларының орнын басқаннан кейін пайда болды.

Жалған мәлімдемелер, құқық бұзушының өзін тауарларды немесе қызметтерді шынайы өндіруші деп көрсетуге бағытталған (тікелей немесе жанама) іс-әрекеттер болып табылады, ал шын мәнінде мұнда тауарды немесе қызметті өндіруші талапкер/құқық иеленуші. Бастапқыда шатастыруға жол бергені үшін жауапкершілік құқық бұзушының әрекеттері тауар немесе қызмет өндірушіге қатысты ғана шатастыруға алып келген жағдайлармен шектелді. Кейіннен, уақыт өте келе, құқық бұзушылық тауарлардың немесе қызметтердің сапасына қатысты жалған мәлімдемелерге де қатысты пайда болды.

## **Ықтимал құқық бұзушы өтінішінің ерекшелігі**

Ағылшын соттарының жалған мәлімдемелерге қатысты ұстанымы біркелкі, яғни тауарларды немесе қызметтерді тұтынушылардың жай ғана араласып кетуі жеткіліксіз, ол үшін елеулі өлшемдер болуы тиіс, мысалы құқық бұзушының іс-әрекеті сатып алушының жауапкердің тауарын талапкердің тауарымен шатастыра отырып, қате таңдауына әкеп соқтыруы. Дегенмен, жалған мәлімдемелер саналы түрде, қасақана немесе тікелей ниетпен жүзеге асырылған болуы шарт емес. Мысалы, айыпталушы Ханс Нолл Knoll International атты жиһаз бизнесін басқарады. Жауапкердің туысы құрған жиһаз өндірушілердің басқа фирмасы “Knoll International” фирмасы пайда болғанға дейін коммерциялық қызметті жүзеге асыра бастады және “Parker Knoll” деп аталды. Бұл жағдайда жеке атты пайдалану фактісі орын алғанына қарамастан, Лордтар Палатасы бұл факт жалған мәлімдемелер санатына жатады, себебі бұл мәлімдемеде “Knoll International” өнімдері “Parker Knoll” өнімдері болып табылатындығы туралы жалған түсінік қалыптастырады деп көрсетті.

Жалған мәлімдемелер сөздер мен іс-әрекеттер түрінде де болуы мүмкін. Мысалы, жауапкердің “ELDERFLOWER CHAMPAGNE” тіркесін пайдалануы жағдайында, мәлімдеме жалған, өйткені мұнда белгі иесі “CHAMPAGNE” өндірушілер тобына жатады деген жалған түсінік қалыптасады. Бұл жағдайда жалған мәлімдемелер сөздер түрінде болады.

Іс-әрекеттерге келер болсақ, жауапкер талапкердің тауарларына ұқсас тауарларды өндіруі жарқын мысал бола алады. Сондай-ақ, іс-әрекеттегі жалған мәлімдемелер сатып алушы тауарға тапсырыс берген жағдайларға қатысты болады, яғни мұнда кәсіпкер тауардың түпнұсқасының орнына өз тауарларын жеткізеді. Іс-әрекет түріндегі жалған мәлімдемелердің тағы бір мысалы құқық иеленушіге қатысы жоқ тұлға «mark sand spencer» доменін тіркеу жағдайы бола алады.

## **Шатастырудан қорғау шаралары белгілі бір әрекеттерге қолданылады:**

Тауар көзіне қатысты жалған мәлімдемелер. Жауапкердің іс-әрекеттері оның тауарлары немесе қызметтері талапкерге тиесілі деген ойға жетелейтін дәстүрлі жалған мәлімдеме болып табылады. Мысалы, футбол доптарының өндірушісі жауапкердің оның қоймасынан ескі футбол доптарын сатып алып, оларды доптардың жаңа және бұрынғыдан да жетілдірілген нұсқасы ретінде сатқанын айта келе, өзін жауапкердің шатастыру әрекетінен қорғауды талап етті.

Тауардың сапасына қатысты жалған мәлімдемелер, сондай-ақ сатушы белгілі бір белгімен өндірген тауарларын шетелде белгілі бір сапамен сатып, ал Ұлыбритания аумағында басқаша бір сапада сатқанда, сұр импорт мәселелеріне қатысты орын алуы мүмкін. “Colgate Palmolive” фирмасының тауарларын мысалға алсақ, “Colgate” тіс пастасы, сыртқы ұқсастықтарына қарамастан сату еліне байланысты сапасы жағынан өзгеше. Мәселен, жауапкер, Бразилия нарығына арнап шығарылған сапасы төмен пастаны Англияда сатумен айналысқан. Тауардың төмен сапасы тауарларды дайындау кезінде пайдаланылған шикізаттың ағылшын нарығы үшін пайдаланылатын шикізат пен ингредиенттерге қарағанда сапасы неғұрлым төмен болуымен ерекшеленеді.

Сұр/параллельді импорт мәселелері Қазақстан Республикасының аумағында да жиі туындайды, ал қазақстандық соттардың сұр импорт мәселелері бойынша ұстанымы мынадай: эксклюзивтік сатушылар



мен ұқсас тауарды сататын өзге де тұлғалар арасындағы біртекті тауарларды Қазақстан нарығына әкелу құқығы туралы даулар зияткерлік меншік құқығы туралы даулар болып табылмайды.

Параллельді импорт мәселелерін шешу кезінде Қазақстан Республикасында қолданылатын тауар таңбасына құқықтардың жоққа шығарылуы қағидасы туралы ережелерді ескеру қажет. «Құқықтарды жоққа шығару» терминін мынадай түрде қысқаша тұжырымдауға болады: құқық иеленуші белгі салынған тауарлар азаматтық айналымға заңды түрде енгізілгеннен кейін таңбаны пайдалануға тыйым салудың айрықша құқығын жоғалтады. Қазақстан аумағында құқықтарды жою қағидасының тұжырымдамасы бірқатар өзгерістерге ұшырады, оларды 3 кезеңге бөлуге болады:

1. 2012 жылға дейінгі кезеңде зияткерлік меншік құқықтарын иеленуші немесе сатушы әлемнің кез-келген жерінде иелену құқығын жойылды деп тануға өз келісімімен рұқсат еткен кезде немесе ол құқығын сатқаннан кейін құқықтары жойылған деп саналатын халықаралық құқық қағидалары әрекет етеді;
2. 2012 жылдан 2015 жылға дейінгі аралықта құқықтарды жоққа шығарудың ұлттық қағидасы әрекет етеді, бұған сәйкес құқық иеленуші өзі ішкі нарыққа ұсынған немесе оның келісімімен ұсынылған тауарларды коммерциялық мақсатта пайдалануды бақылауға құқығы жоқ;
3. 2015 жылдан бастап құқықтарды жоққа шығару режимі ұлттықтан аймақтыққа ауыстырылды, бұл өзгеріс 2014 жылдың мамыр айында Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт жасасудан кейін туындады. Аймақтық құқықтарды жоққа шығару жағдайында, құқық иеленушінің өнімін алғашқы сатуы немесе оның келісімімен сатылуы тек мемлекеттің ішінде ғана емес, сонымен қатар аймақтық деңгейде де құқықтардың жоққа шығарылуына әкеп соғады.
4. Талапкер тауар немесе қызмет үшін жауапкершілік көтереді деген жалған мәлімдемелер. Бірінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне қолдау көрсету үшін “British Legion” деген атпен құрылған ұйым, “British Legion Club” деген ұқсас атпен құрылған әлеуметтік топқа қарсы шатастырудан қорғану үшін талап қоя алады, өйткені бұл әлеуметтік топ “British Legion”-ның қауымдастырылған ұйымы және талапкердің ұйымымен қандай да бір байланысы бар деген жаңылыс түсінік қалыптастыруы мүмкін.
5. Кері шатастыру қандай жағдайда болуы мүмкін, егер кәсіпкер өзінің беделін арттыру мақсатында басқа кәсіпкердің тауарын немесе қызметін пайдалана отырып басымдыққа жетуге тырысатын болса, онда бұл кері шатастыру деп танылады. Бұл жағдайда жауапкердің жалған мәлімдемелері жауапкерді тауарлар мен қызметтердің көрсетуші субъект ретінде ұғынуға негіз береді, ал шын мәнінде ол тауарлар мен қызметтер құқық иеленушіге тиесілі.
6. Салыстырмалы жарнама мынадай жағдайларға тән, егер кәсіпкердің тауары мен қызметі басқа кәсіпкердің тауары немесе қызметімен салыстырылса және салыстыру барысында олардың ерекшеліктері тауар немесе қызметтің құны, құндылығы, қолданылу мерзімінің ұзақтығы мен сапасы тұрғысынан қарастырылады.

Шатастыруға қарсы қорғану шараларын бастау үшін жалған мәлімдеменің болуы жеткіліксіз, құқық иеленуші мұндай жалған мәлімдеменің зиянды салдары болғанын және ол тұтынушыларды алдау екендігін дәлелдеуі қажет. Жалған мәлімдемелерді алдау ретінде саралауға болатындығын анықтау барысында, мынадай мәселелерді ескеру қажет: кім алдануы қажет болды, қанша адам алдануы қажет, алдау фактісі қай кезден бастап туындады? Сонымен қатар, ағылшын соты жалған мәлімдемені алдау фактісі ретінде саралауына мындай факторлар ықпал етеді:

- тұтынушылар талапкердің белгісін қаншалықты қабылдады;
- жауапкердің белгісі қаншалықты ұқсас;
- талапкер мен жауапкердің қызмет ету сферасы қаншалықты жақын;
- талапкер мен жауапкердің бизнесінің аумақтық орналасуы;
- нарықтың ерекшеліктері;
- жауапкердің ниеті;
- жауапкер ескертулер жасады ма;
- жауапкер тауарды немесе қызметті пародияға не иронияға айналдырды ма;

## Залал

Авторлар жалған мәлімдемелер келтіруі мүмкін мынадай 4 түрлі залалды бөліп қарастырады:

- қолда бар бизнес пен пайданы жоғалту – талапкер көтеретін тауарлар мен қызметтерді сатудан



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Жалған мәлімдемелер

Дәріс авторы: Құлтай Адилова

түскен пайданы жоғалту.

- ықтимал бизнес пен пайданы жоғалту, мысалы талапкер болашақта өз бизнесін кеңейтуге ниет білдірген аумақта, жауапкер бизнес жүргізгенде пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда залал ықтимал коммерциялық қызметті жоғалту нәтижесінде туындайды. Жауапкердің мінез-құлқы талапкердің өзінің тауар таңбасын лицензиялау мүмкіндігін жоғалтуына әкеп соқтыратын жағдайларды да осы залал санатына жатқызуға болады, осылайша лицензиялық қызметтен туындайтын ықтимал табыстарға нұқсан келтіріледі.
- беделге залал келтіру. Кәсіпкер жалған мәлімдеменің салдарынан бизнесінен айрылмаған жағдайдың өзінде, бұл жалған мәлімдеме оның іскерлік беделіне жағымсыз әсер етуі мүмкін. Бұл әсіресе жоғары сападағы тауарлар мен қызметтерге қатысты.
- құқық иеленушінің гудвилін әлсірету. Мұндай залал жауапкердің жалған мәлімдемелері талапкердің тауарының дағдылы тауарға айналуына және бірегейлігінен айрылуына әкеп соқтыратын жағдайларда орын алады, осылайша тауар белгісінің тауарлар мен қызметтердің ерекшелігі қабілетіне нұқсан келтіріледі.

### Жосықсыз бәсекелестік

Жосықсыз бәсекелестік туралы заң бәсекелестік нарығында соттың міндетін атқарады. Ол жосықсыз сауда тәсілдерінен зардап шеккен кәсіпкерлерге қажетті құралдарды бере отырып, ойын шартын бекітеді. Алайда, бәсекелестік мінез құлық

- жалған мәлімдемеге
- жала жабуға, немесе
- заңсыз иемденуге тыйым салатын нормаларды бұзбауы тиіс.

1883 жылғы Париж конвенциясында жосықсыз бәсекелестік туралы негізгі ережелер бекітілген. Конвенцияның талаптарына сәйкес қатысушы мемлекеттер жосықсыз бәсекелестіктен қорғау режимін қамтамасыз етуге міндетті. Жосықсыз бәсекелестік актісі өнеркәсіптік және коммерциялық істерде әділ дәстүрлерге қайшы келетін бәсекелестіктің кез келген актісі болып табылады. Атап айтқанда, мыналарға тыйым салынады:

- қандай да бір жолмен бәсекелесінің кәсіпорнына, өнімдеріне немесе өндірістік не сауда қызметіне қатысты араласуға жол беретін кез келген әрекеттер;
- коммерциялық қызметті жүзеге асыру барысында бәсекелесінің кәсіпорнын, өнімдерін немесе өндірістік не сауда қызметін шеттетуге бағытталған жалған мәлімдемелер;
- коммерциялық қызметті жүзеге асыру барысында тауардың сипаты, өндірілу тәсілі, жарамдылық мерзімі және санына қатысты жұртшылықты шатастыруы мүмкін мәлімдемелер мен сілтемелер.

Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасында жосықсыз бәсекелестік туралы ереже 2015 жылы 29 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 16-тарауында бекітілген. Тауар белгілеріне құқықтарды бұзуға қатысты жосықсыз бәсекелестік актілеріне мыналар жатады:

- тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді дараландыру құралдарын заңсыз пайдалану. Бұл жағдайда, тауар белгісінің өзін немесе оған ұқсас белгілеулерді біртектес тауарлар мен қызметтер үшін пайдалану, сондай ақ, оларды құқық иеленушісінің рұқсатынсыз пайдалану немесе қаптамада тауардың сипаты, өндірілу орны мен тәсілі, тұтынушылық қасиеттері, сапасы мен санына қатысты немесе оны өндірушілерге қатысты тұтынушыларды шатастыруға әкеп соғатындай өзге де нысанда пайдалану.
- өнімнің сыртқы түрін көшіру; өнімнің сыртқы түрін көшіру нарықтың өзге субъектісі өнімінің сыртқы түрін көшіріп алу және оны шаруашылық айналымға енгізу жолымен тауардың өндірушісі туралы тұтынушыларды шатастыру болып табылады.

Осылайша, жосықсыз бәсекелестік әрекетіне, сондақ-ақ компанияның тауар белгісіне құқығын дер кезінде тіркегендігін де мысалға келтіруге болады.

«Хлебная слеза» атты арақты өндіруші ресейлік компания үшінші тұлғаның атына тіркелген «Хлебная слеза» тауар белгісінің тіркелуіне қарсы (зияткерлік меншік құқығының кейбір мәселелері бойынша дауларды сотқа дейінгі қарауды жүзеге асыратын өкілетті органның бөлімі болып табылатын) Апелляциялық кеңеске шағымданды. Тіркеуге алуды жоюға негіз болған жай, талапкердің тіркеу жосықсыз бәсекелестікті жүзеге асыру мақсатында заңсыз жолмен іске асырылды және жауапкер мұндай тауарды өндірген жоқ және өндірмейді деген дәлелі еді. Яғни, бұл жағдайда жосықсыз бәсеке орын алды, өйткені,



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Жалған мәлімдемелер

Дәріс авторы: Құлтай Адилова

жауапкер тауар белгісінің Қазақстанда белсенді түрде пайдаланылған мерзімі аралығында ие болған беделін пайдалана отырып, ол белгіні өзіне тіркеп алған. Жауапкер Апелляциялық кеңестің шешіміне қарсы сотқа шағымданды, алайда сот бұл тарап арызды қабылдамады.

Сонымен қатар, жосықсыз бәсекелесік нормаларын бұзудың тағы бір мысалы ретінде француз компаниясының қазақстандық жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қарсы, Қазақстанда, бүкіл әлемге танымал «OTARD» тауар белгісінің алкогольдік өнімдеріне араласу деңгейіне дейін ұқсас боп келетін «OTAR» атауымен алкоголь өнімдерді өндіруді және таратуды тоқтату туралы талап арызын келтіруге болады. Сотта істі қарау барысында тараптар бейбіт келісімге келді және бұған сәйкес қазақстандық жауапкершілігі шектеулі серіктестік бүкіл әлемге танымал «OTARD» тауар белгісінің алкоголь өнімдеріне араласу деңгейіне дейін ұқсас боп келетін «OTAR» (OTAP) тауар белгісін пайдалана отырып, алкогольдік өнімді өндіруді және таратуды тоқтатады.